

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 2

2024 жылдың «06» қыркүйек

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/81821530683?pwd=taB5PvGypc8yP97ZzFretXaz1xYbPm.1>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

- 1) Абдрахманқызы Саида
- 2) Берден Інжумаржан Мысырғалиқызы
- 3) Бисембина Динара Аскарровна
- 4) Боровая Наталья Алексеевна
- 5) Калкабаев Азамат Муратбекович
- 6) Курумбаев Айбулат Шамуратович
- 7) Нуркебаева Асель Болатовна
- 8) Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
- 9) Оспанова Гульден Джетысовна
- 10) Салимова Вагида Вилиновна
- 11) Сапакова Динара Борисовна
- 12) Тикенов Еркін Амангельдинович
- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:
- 13) Сержанұлы Даниел
- 14) Устимиров Ильяс Нурланович
- 15) Жансайтов Рустем Акказинович

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М., Қоғамының заң департаментінің директоры.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарын бекіту.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің комиссиялары туралы ережені бекіту.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарын бекіту» Қоғамдық кеңесінің хатшысы Бакаева Ш. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі отырысының 2024 жылғы 15 тамыздағы № 1 хаттамасымен бекітілген «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі

туралы Ереженің 58-тармағына сәйкес, Қоғамдық кеңес өз қызметін ағымдағы жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асыратынын түсіндірді. Жұмыс жоспары Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалады және осы Ережеге сәйкес Қоғамдық кеңестің отырысында бекітіледі.

Осыған байланысты, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылдың 2 жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарының жобасы (бұдан әрі – Жоспар) әзірленді, ол Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарауына шығарылады.

Қоғамдық кеңестің мүшесі Тикенов Еркін Амангельдинович сөз сөйледі, ол жоспарға Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің Қоғамдық кеңес мүшелерімен жұмыс кездесуін өткізу туралы толықтыру енгізуді және осындай тармақты Жоспарға енгізуді ұсынды.

Қоғамдық кеңес мүшелері Боровая Наталья Алексеевна және Нуркебаева Асель Болатовна жұмыс кездесуін өткізу Қоғамдық кеңестің одан әрі тиімді қызметін жүзеге асыруға жәрдемдесетінін және осы ұсынысты қолдайтынын хабарлады. Осыған байланысты, Жоспарға жоғарыда аталған жұмыс кездесуін өткізу туралы қосымша енгізілді.

Қарау және талқылау қорытындысы бойынша мәселе Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беруіне шығарылды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» - 14

«Қарсы» - дауыстар жоқ

«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарының жобасына «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен жұмыс кездесуін өткізу бөлігінде түзетулер енгізілсін.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2024 жылғы 2 жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспары осы хаттамаға қоса беріліп отырған редакцияда бекітілсін.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің комиссиялары туралы ережені бекіту» Қоғамдық кеңестің хатшысы Ш. М. Бақаева Қоғамдық кеңестің құрылған құрамының бірінші отырысында ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңес комиссияларының құрамы бекітілгенін хабарлады.

Осыған байланысты, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің комиссиялары туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) жобасы әзірленді, Қоғамдық кеңес мүшелерінің қарауына шығарылады.

Ережені қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңестің мүшесі Е. А. Тикенов комиссия хатшысының дауыс беру құқығының жоқтығын алып тастауды ұсынды, өйткені хатшы Қоғамдық кеңес комиссияларының отырыстарында күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы болуы тиіс.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы:

«Қолдағандар» - 14

«Қарсы» - дауыстар жоқ

«Қалыс қалғандар» - дауыс жоқ

Көпшілік дауыспен ашық дауыс беру нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің комиссиялары туралы ереженің ұсынылып отырған жобасына Қоғамдық кеңес комиссияларының хатшысына дауыс беру құқығын беру бөлігінде түзетулер енгізілсін.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің комиссиялары туралы ереже осы хаттамаға қоса беріліп отырған редакцияда бекітілсін.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған барлық мәселелер қаралды. Олар бойынша шешімдер қабылданды, осы отырыс аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын болады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**


_____ **Г. Оспанова**

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**


_____ **Ш. Бакаева**